# Ахмет Байтұрсынұлы - ұлт ұстазы.

Қазақтың ұлт мақтанышы, халық жанашыры. Бар ғұмырын халық жолына арнаған Ахмет Байтұрсынұлы халықтың тілі мен өзіндік мәдениеті қалыптасқанда ғана елдің ертеңгі жарқын болатына үлкен сенім білдірді. Ұлт болмысын сақтап қалу үшін әрбір салаға өлшеусіз үлес қосты. Оның әр еңбегі бүгінгі ұрпақтың болашағы үшін жазылған. Ахмет - ұстаздардың ұстазы, артына қалдырған еңбектері келешек ұрпақтың аманаты мен жүгі. Бүгінгі ұрпақ А. Байтұрсынұлы бастаған Алаш азаматтарына қарап бой түзейді. Ахмет Байтұрсынұлының басшылығымен қазақ зиялылары қазақтың шекарасын бекітіп, керегесін кеңейтіп, әдебиетінің іргесін қалады. Қазақ тіл білімінің іргетасын қалап, әдебиеттанудың негізін қалыптастырды. А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегі жайлы З. Ахметов «Әдебиет танытқышта» қазақ (тілінің) өлең ортақтық құрылыс-жүйесін айқындайтын өлең сөздің бунақ, тармақ, шумақ сынды категорияларының алғаш қалыптасқандығын атап айтады. [3.64]. Ахметтің «Әдебиет танытқыш» еңбегі - қазақ әдебиеттанудың алғаш қалаған іргетасы еді. Оны әрмен қарай қазақ ғалымдары жалғастырып, біріздiлікке салады. Ахмет атамыз жайлы жазбау, Алаш ұрпақтарына үлкен сын. Оның ерлігі, азаматтығы, адалдығы, отансүйгіштігі талай азаматтың бойына шабыт беріп, жанына қуат сыйлады. Ахмет ақырғы сәуле көзден жылт еткенше қазақ деп, Алаш деп өтумен болды. Ахмет жазғандай ұлттық құндылықтарымызды болашаққа дәріптейтін оқулықтар көп болған жағдайда ғана елдің ертеңгі жарқын болмақ. Ал, ұлттық болмысынан айырылған айырылған елдің ертеңі бұлыңғыр. Өз заманында елінің бағы үшін туылып, елінің жоғын түгендеумен өтетін есіл ерлер қашанда тумары сөзсіз. Бірақта, Ахмет қазақта жалғыз. Оның жазған бір мысал өлеңінің өзі бір ұрпаққа қорық ~~жан~~ азық боларлық үлгі, қайталанбас өнеге. Ғұмырын ұлтының болашағы үшін қиған, өз кіндігінен тараған ұлтының (болашағы үшін) тараған ұрпағы болмасада, әр қазақ баласы кішкене болсын білім мен өнер үйренсін деп, ауруда азапта, қамшының сабындай ғұмырын халық жолына арнаған Ахмет Байтұрсынұлы - біздер үшін идеал тұлға.